

«ҚОС-ҚОРҒАН» ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕБІНДЕ ТӘРБИЕ САЛАСЫ БОЙЫНША

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

Тәрбие – білім бастауы. Қазіргі уақытта білім беру жүйесі – болашақ ұрпақты

жан – жақты жетілдіретін, бәсекеге төтеп беруге қабілетті, сапалы адам етіп

тәрбиелейтін білім беру жүйесі екені сөзсіз. Жедел дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті, өзін-өзі дамытуға, өз ойын еркін айта білуге, өз қалаулары мен қоғам талабына сай, өзін көрсете білетін жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, Отандық және әлемдік мәдениетті бойында қалыптастырған, бәсекеге қабілетті, шығармашылығы дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Тәрбие және тәрбие жұмыстары әр баланы қайталанбас тұлға ретінде қарап, оның өзгеше қасиеттерін дамытуы қажет. Әрбір бала - тұлға, өзінше бір әлем, ал әр педагогтың міндеті әр тұлғаны көре білу, жүректеріне жол табу. В. А. Сухомлинский: «Әлемде адам тұлғасынан күрделі, одан бай ешнәрсе жоқ», - деп жазған. Бүгінгі күнде барлық ұстаздардың алдындағы мақсат - өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс -әрекетке қабілетті, еркін тұлға тәрбиелеу болып табылады. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», -деп ұлы философ Әл-Фараби айтқандай, қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы-өзінің ісін, өмірін жалғастыратын сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Оқушылардың білім алу барысында тәрбиенің қатар жүруі заңдылық.

Мектебімізде тәрбие жұмыстары «Жас ұрпақтың танымбелсенділігін арттыру арқылы, ұлттық құндылықтар негізінде бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру» тақырыбында, Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде көрсетілген айқын сегіз бағытты қамтылған.

Мақсаты

1. Оқушыларды жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу;
2. Рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық сәйкестікті, білімнің табынуын, эволюциясы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік рөлдердің жүйесін толықтай орындауға қабілетті, ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Сабақтан тыс қызмет шеңберінде іске асырылатын жобалар

1. *«Отбасы –орта мектеп»*
2. *«Оқуға құштар мектеп»*
3. *«Еңбек – елдің мұраты»*
4. *«Экологиялық тәрбие»*
5. *«Қоғамға қызмет»*
6. *«Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру»*

Тәрбиенің Тұжырымдамалық сегіз бағыты

1. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалдық қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.

Бүгінгі ұрпақ-ертеңгі елдің болашағы. Мектебімізде қыркүйек айы білім күніне арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында барлық сыныпта тәрбие сағаттары өткізілді.



Оқушылардың өмір қауіпсіздігі және жолда жүру ережелері жайлы барлық сыныптарда мектеп инспекторымен бірлескен түсіндірме жұмыстары, әңгімелер жүргізілді. Көшеден өту үшін арнайы белгіленген жермен жүрген дұрыс.

Мектепке келе жатқанда өзіңе қауіпсіз болатын жолды таңдай біл. Өткел тар болса, қарсы кездескен үлкен кісіге жол бер. Мектепке келе жатып үлкен жолдың шетімен жүр. Алдыңнан машина шықса жол бер. Тоқтап тұрған машинаның қасынан абайлап өт. Жер тайғақ болса, жолда

абайла. Жолдың машина жүретін бөлігінде ойнауға болмайды.

Келе жатқан машина алдынан жолды кесіп жүгірмеу жайлы толығымен балаларға түсіндірілген.



«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы аясында оқушылар мен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықты болдырмау, оның алдын алу мақсатында «Заң және жасөспірім» тақырыбында ІІБ қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылып, кешке жүрмеу, бос уақытты тиімді пайдалану, сабақтан себепсіз қалмау т.б. жайында баяндалды.

«Үлкендер жолы ұлылық, ұрпағы жүрер – ұғынып», «Қарты бардың – қазынасы бар» т.б. тақырыптарда барлық сыныптарда қарттар күніне орай тәрбие сағаттары өткізіліп, үлкендерге құрмет көрсету, сыйлау жайлы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ұстаздар мерекесіне орай арнайы мерекелік концерттер қойылды. Оған арнайы ардагер ұстаздар мен қонақтар шақырылды. Мерейтойға осы жылдар арасында білім алған түлектер, ардагер ұстаздар бас қосып, ардагер ұстаздар мен жас мұғалімдер арасында тәлім-тәрбиге толы керемет әңгімелер мен соңы концертті бағдарламаға ұласты.



Концерттік бағдарламадан үзінді



Қаһарман жауынгер, хас батыр, қазақ халқының біртуар азаматы Б.Момышұлының туған күнінен орай барлық сыныптарда «Ұлтына Ұран болған – Ер Бауыржан» «Қаһармен жауынгер» т.б. тақырыптарда тәрбие сағаттары өткізіліп, өмірі, шығармашылығы, батырдың ерліктерімен оқушыларды таныстырып, нақыл сөздерін жатқа айтып, интербелсенді тақта арқылы бейнероликтер көсетілді.

Оқушыларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке, әдептілікке, еңбексүйгіштікке, өз халқының салт-дәстүрін үйрене отырып, жаман әдеттерден аулақ болуға үйрету мақсатында «Әдепті адам-әдемі адам» тәрбие сағаты өткізілді. Сонымен қоса ауған соғысы ардагерлерімен кездесулер ұйымдастырылды.



Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, қанатты сөздер мен слайд арқылы көрсетілімдер және спорттық ойындарды пайдаланған сынып жетекші, адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін оқушы бойына дарыта отырып, тіл байлығын, таным белсенділігін арттырып, балаларды әдептілікке, сыпайылыққа шақыра білді.

2. Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Адамгершілік іс-әрекет тәжірибелік қалыптастыру, сыртқы келбетпен

күнделікті тұрмыс дағдыларын қалыптастыру

Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз- алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап – мәңгілік парасаттың ең киелі ғибраты, қоғамның мәдени күштерін дамытудың қуатты құралы, қайнарбұлағы

Мәдени құндылықтарды жете түсінуді дамыту, сондай-ақ кітаптың білім таратудағы маңыздылығы мен оны сақтаудың құралы екенін айқындау. Оқырмандардың, оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын ояту, сапалы білім, саналы тәрбие алу үшін көп оқып, көп іздену керек екенін түсіндіре отырып, оларды адамгершілікке, мейірімділікке, әдептілікке тәрбиелеу, «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында сабақ арасындағы 20 минуттық үзілісте оқушылардың кітап оқуы жүйелі жолға қойылған.



Оқуға құштар мектеп жобасы аясында «Қызыл кітап» және ұлы ақын жазушылардың шығармаларынан үзінділер қойылды.

Барлық сыныптарда, 25 қазан Республика күні мерекесіне орай тақырыптық тәрбие сағаттары өткізіліп, бейнероликтер көрсетілді.



Тілдер мерекесіне орай «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», «Тілін жоғалтқан ұлттың өзі де жоғалады», «Ұлттық қуаты тілінде, «Ахаң салған әдебиеттегі елшілік ұраны» тақырыптарында тәрбие сағаттары, «Тіл білімінің атасы» тақырыбында қалалық әдеби кеш ұйымдастырылып, қазақ тілі мен кітабын жазған қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, сонынан із салған жаңашыл ағартушы жайында оқушыларға толық мағлұмат берілді.

Желтоқсан айында Тәуелсіздік күн мерекесіне орай , «Тәуелсіздіктің нұрлы таңы!», «Отан – отан да ыстық» т.б. тақырыптарда тәрбие сағаттары және мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Діни экстремизмнің алдын алу-өзекті мәселе» тақырыбында қала мешіт өкілдерімен кездесу ұйымдастырылып, оқушыларға өзге діннен аулақ болу, дін мәселесі күрделі мәселе екендігі толығымен әңгімеленді.



3. Ұлттық тәрбие

Мақсаты жеке тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, ана тілі мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсету.

«Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Тәрбие өрмегінің алтын тілі – ұлттық тәрбие» тәрбие сағаттары, және Жамбыл облысының Жастар ресурстар орталығы ұйымдастырған «Талант-табиғаттан, талап -өзіңнен» байқау ұйымдастырылды. Байқау 9 бағыттан тұрды. Мектеп ұжымы сол байқауға жұмыла қатысып «Мақтау қағазымен» марапатталды.

8-10 сынып оқушылары, сынып жетекшілер, ата-аналар қатысып, оқушыларға ұлттық дәстүр мен әдет ғұрыптың маңыздылығы жайлы әңгімеден сыр шертті, көріністер қойылып, босаға майлау әдет-ғұрыптары көрсетіліп, ән айтылып, ұлттық ойындар ойындар, арқан тарту, асық ату, ойындары ойналды.



Көркем еңбек пәнінің мұғалімдері «Ұлттық қолөнер – ұрпаққа аманат» оқушы шығармашылығынан көрме ұйымдастырып, оқушылардың шығармашылығын арттыруға ықпал жасады.



4. Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

«Отбасы – қоғамның алтын дінгегі» тақырыбында өткен ата-аналар жиналысында ата-аналарға бала тәрбиесіне қатты назар аудару, мектеппен тығыз байланыста болу жайы айтылды.

Мектеп пен отбасының өзара байланысын, қарым-қатынасын нығайту, Отбасының қарым-қатынасындағы сенімділікті және сыйластықты қалыптастыру, бала тәрбиесінде әкенің рөлі ерекше екендігін түсіндіру, «Отбасы - мектеп» жобасы аясында әкелер мектебінің жұмысын жандандыру мақсатында «Аталар сөзі» тақырыбында әкелер конференциясы болып өтті. Конференцияға 8-11 сынып оқушылары, әкелері, ағалары, мектеп директоры, психологтар, ұстаздар қатысты.



Конференция мектеп директоры М.Изатуллаеваның, отбасындағы әке тәрбиесінің алатын орны жайындағы алғашқы сөзімен ашылды.

Әкенің бала өміріндегі рөлі зор. Жастайынан баланы еңбекке баулу – анаға қарағанда, әкенің рөлі зор. Тіпті мамандық таңдауда да, әсіресе ер балалар әкенің ақыл-кеңесіне құлақ түре отырып, өз болашақ мамандығын айқындайды. Психолог мамандар әкелермен «Өз балаңды тани біл» тренинг ойынын өткізді. Сауран ауданы «Әкелер кеңесі» төрағасы Ж.Бекмурзаевтің қатысуымен әкелер арасында «Достық» спорт сайыстары өткізілді.



«Жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз. Жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз» дейді халқымыз. Әр шаңырақта әкенің орны ерекше. Әке – отбасының асыраушысы, отбасы

мүшелерінің тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Отбасының пейіл - береке, ынтымағы үшін отағасының әділ, ұстамды болуы орасан маңызға ие. Оның тәрбиелік рөлі де зор. Ер бала әкесімен сырлас, жолдас, дос. Ол әрқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен сырласады. Ер баланың өсіп, жетіліп, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуына, қоғамдағы өз орнын дұрыс табуына әкенің атқарар еңбегі ерекше. Отбасының ұйытқысы, берекесі, мейір - шапағат көзі – әке. Әкенің бұл рөлі бала-шағаның әкеге, анаға деген сүйіспеншілігімен, қамқорлығымен, ана жанын қас-қабағынан, жанарынан танығыштықпен нығая биіктей беретінін бүгінгі конференция арқылы әкелер «отбасының тұтқасы, тәрбиесі» өздерінен бастау алатынын түсінді.

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту.

Ерте жастан экологиялық мәдениет жобасы аясында: «Табиғатты таза ұстау – адамзаттың борышы» сенбілік жұмыстары ұйымдастырылып, оқушының өз сыныбы, өзі отырған парталарына тазалық жұмыстарын жүргізуге ықпал жасалып, әңгімеленді. «Ең жасыл кабинет» байқаулары барысында әр сыныпта отырғызылған гүлдерді көбейту барысында жұмыстар жүргізілді.

Қазақ халқы қашан да еңбекке аса үлкен мән беріп, бала тәрбиесінде де еңбеккерлікті маңызды санаған. «Еңбек - елдің мұраты» жобасы аясында: «Еңбекпен тапқан нан тәтті» барлық сыныптарда әңгіме өткізілді. Әңгіме барысында еңбек ету адамды адам ететінін жағдайы қозғалды.




6. Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік

калыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету

Оқушыларға көркемдік эстетикалық тәрбие беру мақсатында барлық сыныптарда әңгімелер жүргізіліп, таза, әдемі жүру жайлы әңгіме қозғалды.

«Достығымыз жарасқан елміз», «Дос болайық бәріміз» тақырыбында өткізілген тәрбие сағатында оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым-қатынасын жақсы, бір-бірімен тату болуы жайлы толығымен түсіндірілді.



7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру. Осы мақсатта мектебімізде «Smart STUDENTS» жобасы қолға алынды. Осы жоба аясында «CHESS master» шахмат клубы жұмыс жасап жатыр, сонымен бірге осы жоба аясында «IQ дода» дебат қозғалысы жобасын іске асыру жұмыстары жолға қойылды.

Сауран аудандық әкімдігінің ұйымдастырылуымен оқушылар арасында аудандық дебат болды. Оған 10 сынып оқушысы қатысып, өз шеберліктерін таныта білді.

Оқушылардың ақыл – ой өрісін жан – жақты дамыту, ана тілін сүйеге адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, бабалардан қалған ұлағатты ғибрат сөздерді түсіндіріп, содан үлгі-өнеге алуға баулу, Қазақстан патриотизміне қалыптастыру мақсатында «Бүгінгі білім – ертеңгі болашақ» дөңгелек үстел ұйымдастырылып, тақырып аясында кеңінен әңгіме қозғалды, оқушылар өз ойларын, пікірлерін еркін айта білді.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Спорт – өмір көркі» спорттық эстафеталық ойындар ұйымдастырылды оқушылар белсене қатысты.

«Денсаулық – зор байлық» тақырыбында ұйымдастырылған апталық барысында дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдері Б.Хайруллаев, Ғ.Егембердиев, С.Абилаев, С.Джорашев, А.Исақовтар оқушылар арасында волейбол, баскетболдан командалық сайыстар ұйымдастырып, жеңіске жеткен командаларды марапаттады.



Мектеп медбикесі Г.,Абдулхамидова «Жеке бас гигиенасын сақтау дегенді қалай түсінеміз?» тақырыбында әңгімелер жүргізіп, түрлі жұқпалы аурулардың алдын алу үшін таза жүру керектігі, әсіресе жеке бастық гигиенаны сақтау жөн екендігі оқушыларға түсіндірілді.



2022-2023 оқу жылында барлық сыныптарға бекітілген сынып жетекшілерге мектеп директорының бұйрығы шығарылған.

Сынып жетекшілер жайлы мәлімет

2022-2023 оқу жылында барлық сыныптарға бекітілген сынып жетекшілерге мектеп директорының бұйрығы шығарылған.

№	Аты-жөні	Туған жылы	Мектебі	Бітірген оқу орны	Сыныбы	Оқу орны, бітірген жылы	Оқу түрі(күндізгі немесе сырттай)	Негізгі мамандығы
1	Д.Пайзуллаева	1983 ж	Қос-	ҚХДУ	1А	2007 ж	Сырттай	Бастауыш

			Қорған					
2	М.Жаппаров	1971ж	Қос-Қорған	ХГТУ	1Б	2007 ж	Сырттай	Бастауыш
3	М.Қурбанбаева	1991 ж	Қос-Қорған	ОҚПУ	2А	20 ж	Сырттай	Бастауыш
4	М.Егембердиева	1983 ж	Қос-Қорған	ҚӨИГУ	2Б	2005 ж	Сырттай	Бастауыш
5	У.Мамитова	1983ж	Қос-Қорған	ҚХДГИПУ	3А	2014 ж	Сырттай	Бастауыш
6	Д.Мирзаханова	1977 ж	Қос-Қорған	ГМУ	3Б	1998 ж	Күндізгі	Бастауыш
7	Э.Қурбанбаев	1986 ж	Қос-Қорған	ХҚТУ	4А	2009 ж	Сырттай	Бастауыш
8	С.Қурманбаева	1984 ж	Қос-Қорған	ҚХДУ	4Б	2009 ж	Сырттай	Бастауыш
9	С.Джурашов	1992ж	Қос-Қорған	ШУ	5А	2020 ж	Сырттай	Д/ш
10	Ғ.Егембердиев	1983 ж	Қос-Қорған	ОҚПУ	5Б	2017 ж	Сырттай	Д/ш
11	У.Абдумуратова	1982 ж	Қос-Қорған		6А	2009 ж	Сырттай	Қазақ тілі
12	Р.Мамитова	1983 ж	Қос-Қорған	ОҚПУ	6Б	2017 ж	Сырттай	Орыс тілі
13	С.Дадабаева	1996 ж	Қос-Қорған	ШУ	7А	2021 ж	Сырттай	Информатика
14	Н.Асегова	1986 ж	Қос-Қорған	КХДУ	7Б	2007 ж	Сырттай	Биология
15	У.Нарметова	1984 ж	Қос-Қорған	КХДУ	8А	2006 ж	Сырттай	Қазақ тілі
16	Ш.Ибадуллаева	1882 ж	Қос-Қорған	ҚӨИГУ	8Б	2006 ж	Сырттай	Өзбек тілі
17	Г.Асегова	1986 ж	Қос-Қорған	ХҚТУ	9А	2008 ж	Сырттай	Тарих - география
18	Б.Хайруллаев	1981 ж	Қос-Қорған	ХҚТУ	9Б	2009 ж	Сырттай	Д/ш
19	А.Басанов	1987 ж	Қос-Қорған	ХҚТУ	10А	2008 ж	Күндізгі	Тарих
20	Э.Мамитов	1985 ж	Қос-Қорған	ҚХДУ	10Б	2008 ж	Сырттай	Информатика
21	Б.Бабажанов	1989 ж	Қос-Қорған	ҚХДУ	11А	2011 ж	Сырттай	Қазақ тілі
22	Ж.Мирзаханов	1982 ж	Қос-Қорған	КХДУ	11Б	2007 ж	Сырттай	Ағылшын тілі

Сынып жетекшілердің екі жылғы мәліметі

2021-2022 2022-2023

Сынып саны 22 22

Мектебімізде екі жылғы оқушылар санының көрсеткіші

№	2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы	
	Оқушы 352		Оқушы 352	
	Ұл бала	қыз бала	ұл бала	қызбала
	201	151	201	151

5. Мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық және дене тәрбиесін іске асыруда, сабақтан тыс уақыттарын ұйымдастыру бойынша жұмыстары

Кәмелетке толмаған оқылар мен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында жүргізілген жұмыстарға талдау

№	Мазмұны	2021-2022	2022-2023
1	ҚІБ-не есепте тұратын бала саны	-	-
2	Мектепшілік есепте тұратын бала саны	-	-
3	Ата-аналарынан бөлек тұратын бала саны (туыстарының үйінде)	-	-
4	Өгей әкесімен тұратын оқушы саны	1	1
5	Заңға тартылған бала саны	-	-
6	Арнаулы мектеп интернатында оқитын бала саны	-	-
7	Өзге дінді ұстанатын оқушылар	-	-
8	Бақылаусыз, қараусыз қалған бала саны	-	-
9	Арнайы іздеудегі бала саны	-	-

Құқықтық тәрбие – құқықтық жігер

Оқушылар мен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жұмыстар мектеп инспекторымен бірлесіп, жүйелі жүргізіледі. Кәмелетке толмаған балалардың кешкі сағат 22.00-ден кейін ата-аналарынсыз жүрмеуі, әсіресе, ойын-сауық орындарына бармауы, сабақтан себепсіз қалмау, мектепке формамен келу т.б. жайлы оқушылар мен ата-аналарына түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Құқық пән мұғалімі Ж.Айнабекова мен сынып жетекшілер: «Біз заңды білеміз бе?», «Тәртіпке бас иген құл болмайды», «Біз тәртіпсіздікке қарсымыз», «Заңды білу-заман талабы» т.б. тақырыптарда жиналыс семинар мен тәрбие сағаттарын өтіп, оқушыларға тәртіп пен тәрбие жайлы мағлұматтар беріп, Кітапханада Заң және құқық аясында мәліметтерден кітап бұрышын ұйымдастырып, оқушылардың кітап алып оқуына ықпал жасайды. Балалардың құқықтарын бұзу фактілерін анықтау, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, балалар еңбегін пайдалану, сондай-ақ «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасын іске асыру мақсатында мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, «Түнгі рейдтер» мектеп ер мұғалімдерінен құрылған еріктілер тобы айына екі рет ұйымдастырылып отырады. Қазіргі таңда мектебімізде ҚІБ-де есепте тұратын бала жоқ.



Мектепішілік есепте тұратын бала жоқ.

ҚІБ-де есепте тұратын бала жайсыз отбасымен тіркелмеген.

Жүргізілген жұмыстар	Жүргізілген жұмыстар саны	
	2021-2022	2022-2023

ҚІБ қызметкерлерінің қатысуымен жиналыстар	4	5
Ұлдар жиналысы	4	6
Рейд жұмыстары	18	21
ЖПҚ кездесу	3	4

Педагог-психолог Ғ.Даданов, Р.Алихановалар жеке жұмыстар жүргізіп мінез-құлық динамикасын жасап, темперамент типін анықтау әдісі алынып, оқушыға психологиялық мінездеме жазылған. Әлеуметтік жағдайы зерттелген. Педагог-психологтың үнемі қадағалауында, тәрбие завучы, сынып жетекші, қоғамдық жетекшісі күнделікті өз назарында ұстайды. Қазіргі таңда баланың тәртібі, сабағы жақсы, сабақтан қалмайды.

Оқушылар мен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықты болдырмау және оның алдын алу мақсатында ҚІБ-мен бірлескен іс-шара түзіліп, оқушыларға кешке жүрмеу, суық қару, басқа да артық заттар ұстамау т.б. жайлы кездесу, тәрбие сағаттары, түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Ата-аналар жиналысында құқықбұзушылықты болдырмау мақсатында баланы қараусыз қалдырмау, кешке жүргізеу жайында айтылып, хаттамасы жазылған.

Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында «SUPER bol» жобасы жұмыс жасайды. Жобаның мақсаты оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, таланттарын ашу. Осы жоба аясында бірнеше үйірме жұмыстарына оқушылар тартылған. Мектеп директорының бұйрығы шығарылған.

Үйірме қатысатын оқушылар жайлы

2021-2022 оқу жылында жалпы оқушы саны 342-ні қамтамасыз етті. Үйірмеге қамтылған оқушы саны 234 Мектептен тыс ақысыз үйірмеге қамтылған оқушы саны 98 Мектептен тыс спорттық ақысыз үйірмеге қамтылған оқушы саны 136

Оқушының бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектебімізде жүргізілетін ақысыз үйірме жұмыстарына талдау жұмысы

2022-2023 жылында мектеп қабырғасында білім алатын жалпы оқушы саны 352-ні құрады. Үйірмеге қамтылған жалпы оқушы саны 224-ті құрады. 68 – оқушы спорттық үйірмеге қамтылды. 156-оқушы ақысыз үйірмеге қамтылды

2021-2022 оқу жылында үйірмеге қамтылған оқушы саны 234 оқушыны құрады Жалпы үйірме саны 12. Қатысқан оқушы 234. 2022-2023 оқу жылында үйірмеге қамтылған оқушы саны 224 оқушыны құрады. Жалпы үйірме саны 19 Қатысқан оқушы саны 224

Жалпы үйірме саны	2021-2022жыл	12	2021-2023жыл	19
Қатысатын оқушы саны		234		224

Бұл жоба оң нәтижесін беріп келеді. Сөз өнері үйірмесі бойынша 10 жылдың көлемінде Өнер фестивалінде бас жүлдеге ие болып келеді. Сонымен қатар футбол, вoleyбол, Тайкван-До үйірмесіне қатысатын оқушыларымыз да аудандық, облыстық, республикалық турнирлерде

жүлделі орындарға ие болып келеді. Би үйірмесі де өз нәтижесін беріп отыр, аудандық мәдени шараларда өнер көрсетіп келеді, облыстық байқаулардың жеңімпаздар қатарынан көрінуде.

Дене тәрбиесін іске асыру мақсатында жеткен жетістіктердің жылдық талдауы

2

Оқу жылы Мектептің жетістіктері

2021-2022 21

2022-2023 10

«Жаңа Қазақстан.Күшіміз бірлікте!» тақырыбындағы өнер фестиваліне оқушылардан театр-сахналық қойылым барысында рольдерді сомдау барысында жеке дараланып көркемсөз бойынша алғыс хат пен марапатталды. Сонымен қатар көрме бағытына еңбек пәнінің мұғалімдері С.Файзуллаев, Р.Мамитовалар мектеп оқушыларының қолымен жасаған қолөнер бұйымдары жоғары деңгейде бағаланды.

Фестиваль жайлы

Оқу жылы Фестиваль тақырыбы Қатысқан

оқушылар саны

2021-2022 «Тұлпар мініп, Ту алған» 121

2022-2023 «Жаңа Қазақстан.Күшіміз бірлікте» 157



Түрлі кездесу барысында қазіргі таңдағы жастар саясатының жүзеге асуына қатысты өзекті мәселелер қозғалып, сұрақ-жауап арқылы сұхбат жүргізілді.

Оқушылардың рухани-байлығын дамыту мақсатында тәрбие саласы бойынша барлық сыныптарда әр аптада кесте бойынша тәрбие сағаттары өткізіліп тұрады. Аудандық, қалалық іс-шаралар мен сайыстар, байқауларға оқушыларымыз қатысып, жүлделі орындар иеленіп келеді.

Мектебімізде жыл сайын тамыз айында «Мектепке жол» республикалық акция ұйымдастырылады.

2021-2022 оқу жыл тамыз айында дәстүрлі Республикалық «Мектепке жол» акциясы Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімі ұйымдастырды. Жалпыға міндетті білім қорынан бөлінетін қаражатқа мектептегі аз қамтылған, көп балалы отбасы және атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларына 120 оқушыға мектеп формасы, сумка, кеңсе тауарлары берілді,

демеушілер есебінен 2 оқушыға қолдау көрсетілді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің (бұдан әрі – министрлік) 2022 жылғы 20 шілдедегі №6-15-2/3135-И жаты, Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының 2022 жылғы 21 шілдедегі №27/08-07/3344 хатына сәйкес және Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2022 жылғы 29 маусымдағы №01-18/422 санды хаты негізінде мектеп директорының «Мектепке жол» акциясын өткізу туралы № 62 бұйрығы шығарылды. 2022 оқу жылының 1.08-30.09 күндері аралығында жыл сайынғы өтілетін «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды.

Бұл акцияның мақсаты-әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, көп балалы, тұрмысы қолайсыз отбасы балаларына, жартылай жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және оқумен қамтылған мектеп жасындағы балаларды анықтау және есепке алу, сондай-ақ әлеуметтік себептер (киімдерінің, аяқ киімдерінің, мектеп құралдарының жоқтығы) бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу. Акция барысында айлық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар негізінде бекітілген мөлтек бойынша 0-18 жас аралығындағы балалар тізімі анықталды. Рейдтік іс шаралар ұйымдастырылып, тұрмысы қолайсыз отбасылардың үйлері араланды. Акция кезінде демеушілер тарапынан киім-кешек, ақшалай қаржы жиналып, көмекке мұқтаж оқушыларға көмек көрсетілді. Мектебіміздің тұл жетім, жартылай жетім, АСП алатын 8 отбасынан 17 оқушыға «Жалпыға міндетті бірдей білім беру қоры» есебінен мектеп формасы және оқу құралдарын алу үшін әрбір балаға 37389 теңгеден қаржылай көмек көрсетілді.

Демеуші ауылымыздың жеке кәсіпкерлер тарапынан 13 оқушыға, аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан мектеп формасы және оқу құралдары алып берілді.

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі тарапынан ұйымдастырылған жәрмеңкеге Орангай ауылы әкімі С.Пырметов басшылығымен 1 оқушы қатыстырылып, оның ішінде мектебіміздің аз қамтылған оқушына мектеп формасы, сумка және оқу құралдарымен қамтылды. Ата-аналар ауыл әкіміне өз қуаныштарын жеткізіп, алғыстарын айтып ризашылықтарын білдірді. Акция барысында мектеп әкімшілігі тарапынан көп балалы, аз қамтылған 3 оқушыға мектеп формасы, сумка оқу құралдары таратылды. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін аз қамтылған отбасынан шыққан 1 оқушыға Аманат партиясы демеушілік жасап оқу құралдарын тапсырды.

1-қыркүйек «Білім күні» салтанатты жиынға арнайы шақырылған ауылымыздың әкімі Аширбеков Мейрамбек мырза, білім күнімен құттықтап «Мектепке жол» акциясына демеушілік жасаған жеке кәсіпкерлерге алғыс білдірді. Мектеп басшылығынан алғыс хаттар табысталды.

Оқушының дұрыс тамақтануы – оның күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналуы тиіс. Дұрыс әрі жақсы тамақтанатын оқушылардың денсаулығы мықты әрі сабақ үлгерімі де жоғары болатыны анық. Осы орайда жаңа оқу жылының басталуына орай ауданымыздың «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну мақсатында мектеп асханасы жұмыс жасайды.

Жалпыға міндетті білім беру қорының есебінен бір мезгіл ыстық тамақ беру мақсатында, жанұя жағдайы төмен отбасы балаларына анықталған тізім бойынша 50 оқушы қамтылды, оның ішінде 3 жартылай жетім, 8 аз қамтамасыз етілген, 31 көп балалы отбасы оқушылары, 7 АСП алатын оқушы ыстық тамақпен қамтылған. Бірінші аусымда 20 оқушы, екінші аусымда 30 оқушы тамақ ішеді. Ыстық тамақ ішетін оқушылардың бір күндік ас мәзірі жас ерекшеліктеріне қарай 6-10 жас 501,76 теңгеден, 11-14 жас 564,30 теңге бөлінген. Бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету конкурсының жеңімпазы ретінде Түркістан қаласынан жеке кәсіпкер Береке-Ырыс Тулегенова И.Ж. Асхананың тамақ ішетін орындары 50 оқушыға арналған. Бірінші аусымда және екінші аусымда кезекшілік кестесі жасалынып бекітілген.

Айлық, апталық, күндік ас мәзірі шығарылып, мектеп басшысымен бекітіліп ілініп отырады. Күнделікті тамаққа тапысырыс беріліп сонымен тамақ дайындалады. Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Нақтырақ айтсақ, асханаға арнайы санитарлық нормаларды сақтау туралы және түсіндірме жұмыстары жүргізілген.

Оқушылардың уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен мектеп мейірбекесі, мектеп әкімшілігінен құрылған бракераж комиссия бақылап, тексеріп отырды. Ай сайын мектеп асханасына бекітілген бракераж комиссия мүшелері ай бойына тамаққа кірген оқушыларды, асхана тазалығын, тамақтың сапасын, ыдыстардың түгелдігін сынбағанын, тамақтың уақытылы берілуі жайында кемшіліктер болса айтылып АКТ түзіліп хаттама жазылады. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті асты болдырмау мен уланудың алдын алу үшін мектептің әлеуметтік педагогы мен мейірбекесі күнделікті мәзірден сынама жүргізеді. Асханамыз өте таза әрі кең.

Оқу жылы Ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны Демеушілер есебінен ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны Тегін тасымалмен қамтылған оқушылар саны

2021-2022 50 0 0

2022-2023 50 0 0

Бүгінгі күні өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қазір қоғамымыз әлеуметтік-рухани дағдарысты басынан кешіруде. Қазақстан 1989 жылы БҰҰ қабылдаған «Бала құқығы туралы конвенцияны» мақұлдады. Конвенция мазмұнында негізгі 4 талап қояды, баланың өмір сүру құқығы, баланы қорғау, дамуына жағдай жасау, қоғамдық өмірге белсене араласу құқын құрметтеу. Негізгі басымдық баланы қайсыбір себептері болмасын кемсітпеу. Конвенция әлеуметтік қорғалмаған балалар тобына, жетімдерге, ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар, мүгедектерге, құқық бұзушыларға ерекше көңіл бөледі.

Әлеуметтік педагогика – ортаның, қоғамның, тәрбиеге, әлеуметтенуге әсер ету факторын зерттейтін педагогиканың бір саласы.

Әлеуметтік педагогтың мақсаты – оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру.

Отбасы. Бала. Мектеп.

Бір-бірінен ажырағысыз үш ұғым.

Отбасы бар жерде бала бар,

Бала бар жерде мектеп бар.

Биылғы 2022-2023 оқу жылында мектебіміздедегі оқушыларымыздың әлеуметтік жағдайына келер болсақ,

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі бойынша жалпы оқушылар саны – 353 бала Оның ішінде:

№	Оқушылардың әлеуметтік мәртебесі		Саны
	2021-2022	2022-2023	
1	Оқушылардың жалпы саны	353	353

2	Ұл бала	203	201		
3	Қыз бала	150	152		
4	Жартылай жетім балалар	10	9		
5	Әкесі қайтыс болғаны	8	8		
6	Анасы қайтыс болғаны	1	1		
7	Әлеуметтік көмек алатын оқушылар саны	37	7		
8	Көп балалы отбасынан шыққан оқушылар саны	258	256		
9	Аз қамтылған отбасынан шыққан	77	80		
10	«Д» есепте тұратын оқушылар	7	16		
11	Ерекше оқытуды қажет ететін оқушылар	-	-		
12	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар	-	-		
13	Ыстық тамақ ішетін оқушылар	50	50		

2021-2023 жылдар арасындағы тәрбие жетістіктеріне қысқаша талдау жұмысы

Қалалық сайыстар, іс-шаралар нәтижелері

2021-2022 оқу жылы

№ Сайысқа қатысқан

оқушының аты-жөні	Күні	Қалалық сайыстың түрі	Нәтижесі
1. Эркинова Диляра	9-сынып оқушысы	Қалалық ән байқау	Мақтау қағазы
2.	5-6- сынып ұлдар командасы	аудандық баскетбол сайысы	II орын
3.	7-8- сынып ұлдар командасы	аудандық баскетбол сайысы	III орын
4.	8 «Б» -сынып Исмаилова М	аудандық «Бес асық»	III орын
5.	7 «А»- сынып оқушысы Валиханов Бекзод	футболдан өткен облыс әкімі кубогы сайысында «Үздік қорғаушы» номинация иегері.	
6.	7 «А»- сынып оқушысы Валиханов Бекзод	кросс жарысында ауданда	II орын
7.	9 «А»-сынып Рахимов Асадулла	аудандық «Мағжан оқулары»	II орын
8.	9 «А»-сынып Рахимов Асадулла	аудандық «Абай оқулары»	II орын

2022-2023 оқу жылы

Сайысқа қатысқан оқушының аты-жөні Күні Қалалық сайыстың түрі Жетістіктері

Даулетов Элнур 11- сынып оқушысы 2023 жылы Аудандық ән байқауы

Мақтау қағазы, Сертификат

Эркинова Диляра 9-сынып оқушысы 20223 жылы аудандық ән байқауы, Алғыс хат

Шамшиддинова Фарида 11 - сынып оқушысы 2022жылы аудандық ән байқауы
Мақтау қағазы

6 «Б» -сынып оқушы қыздары 2022 жылы би байқау, Мақтау қағазы

7. 9 «Б» -сынып Раимбердиев Даулет аудандық «Асық ату» III орын

8. 9 «Б» -сынып Зупаров Миркамол аудандық «Асық ату» III орын

9.9 «Б» -сынып Серикбаев Фамир аудандық «Асық ату» III орын

10. 8 «А»- сынып Шамшиддинова Дидар жеңіл атлетикадан III орын

11. 8 «А»- сынып Анапияева Азада жеңіл атлетикадан III орын

12. 8 «Б» - сынып Абдусаттарова Анажан жеңіл атлетика III орын

13. 5 «Б» -сынып Абмуратова Севги жеңіл атлетика III орын

14. 5-6 –сынып қыздары аудандық «Бес асық» сайысы бойынша II орын

15. 7 -8–сынып қыздары аудандық «Бес асық» сайысы бойынша III орын

16. 9-11 –сынып қыздары аудандық «Бес асық» сайысы бойынша III орын

17.7-8-сынып ұлдар командасы аудандық баскетбол сайысы III орын

18. 10 «б»-сынып Зупарова Лайла аудандық «МәшһүрЖүсіп оқулары» II орын

8. 10 «б»-сынып аудандық «МәшһүрЖүсіп оқулары» II орын

9.10 «А»-сынып Рахимов Асадулла аудандық « оқулары» II орын

10. 10 «А»-сынып Рахимов Асадулла аудандық «Абай оқулары» II орын

Қыз тәрбиесі –болашақ ұлт тәрбиесі

Мектепте оқушы қыздармен жүргізілетін жұмыстарға іс-шара жоспары жасалынған. Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында мектептің медбикесі Г.Абдулхамидова, педагог-психолог Р.Алихановалардың басшылығында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, гинеколог мамандармен кездесу өткізілді.

№	Жүргізілген жұмыстар	Жұмыстар жайы	
		2021-2022	2022-2023
1	«Бұрымды қыз» қыздар жиналысы	9	9
2	Ерте жүктіліктің алдын алу шаралары	3	2
3	Жеке бас гигиенасы жайлы әңгімелер, гинеколог-мамандармен кездесу, ерте жүктіліктің зияны	2	2
4	«Қыз тәрбиесі- анадан» қыздар жиналысы	2	3
5	«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» Әңгіме, тренинг	1	2
6	«Иманды қыз, аяулы ана» Жасөспірім қыздарға имандылық, жыныстық тәрбие жайлы әңгімелер	1	1
7	«Қыз тәрбиесі – болашақ ұлт намысы» Қыздар жиналысы	2	2
8	Қыз бала тәрбиесі жайлы бейнероликтер көрсету, қыздар жиналысы.	3	3

Қыз тәрбиесі – болашақ ұлт тәрбиесі

Мектепте оқушы қыздармен жүргізілетін жұмыстарға арнайы бұйрық шығарылып, іс-шара жоспары жасалынған.

Мектеп медбикесі Г. Абдулхамидова қыздардың жеке бас гигиенасы, тазалығы ертежүктіліктің салдары жайлы түсіндірме жұмыстарын жасап, қыздарға медициналық кеңес айтып, таза жүріп, тұру, сырттан кіргенде үнемі қолды жуу, жасөспірімдер мен жастар арасындағы ерте жүктіліктің қауіптілігі, жыныстық жолмен жұғатын инфекциялық аурулар, салауатты өмір салтын ұстануға бейім болу жайлы түсіндіріп отырады.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Асетова оқушы қыздардың тәртібі, сыртқы формасы жайлы айтып, мектептегі өзін-өзі басқару ұйымы бойынша жұмыстарды жандандыру керектігіне түсіндіріп отырады.

Оқушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, ауызбіршілікке, бірлікке баулу, мектеп белсенділерін басқаларға үлгі етіп, бәсекеге қабілетті, білім және өнерге құштар, елінің тарихын білетін, тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын қастерлейтін, еңбекқор да салауатты, адами құндылықтар бойына қалыптасқан, әдетті, қайсар тұлғаны, өзін-өзі басқару арқылы қалыптастыру арқылы «Алау» өзін-өзі басқару ұйымының жұмыстары жүйелі жолға қойылған. Мектеп белсенділерін сайлау барысында оқушылар арнайы орнатылған жәшікке өз парақшасын тастау арқылы дауыс беріп, мектеп Президентін сайлады. Өзін-өзі басқару ұйым мүшелері мектептің барлық қоғамдық жұмыстарына белсенді араласып, өткізілетін іс-шаралардың өту барысына толық қатысады.

№	Ұйым мүшелерінің аты-жөні	Сыныбы	Атқаратын қызметі
1	10 «А» Рахимов Асаджулла		Мектеп президенті
2	9 «А» Валиханова Дурдана		Білім министрі
3	8 «А» Османов Даулат		Тәртіп министрі
4	8 «А» Абдугаппаров Абдусаид		Денсаулық және спорт министрі
5	9 «А» Эркинова Диляра		Мәдениет министрі
6	9«Б» Асанова Камола Т		азалық министрі
7	8 «А» Зайниддинов Нурсултан		Шаруашылық министрі
8	10 «А» Шамшиддинова Анажан		Кітапханашы

Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен "1 Қазан - қарттар" күні мерекесіне орай ауыл тұғындары, Еңбек ардагерлері Н.Қасимов, М.Асетов аталар және М.Исроилова, М.Асетова, М.Мажитова апайлардың үйлеріне барып, шаруаларына қолғабыс жасап, еңбек жолындағы тәлім-тәрбиеге толы әңгімерін тыңдап қайтты.

Өзін-өзі басқару мүшелері мұғалімдер күніне орай «Ана тілім- асылым» тақырыбында дублер күнін өткізді. нағыз мұғалім болудың қыр-сырын түсініп, сабақтарды жүргізудің маңызды екендігін сезіне алды. Күн қорытындысы бойынша дублер болған оқушылар өз пікірлерімен бөлісті және мұғалім болу тек қиын емес, қызықты екен деген ортақ ойға келді. Ұйым мүшелері «Талапты да талантты» интеллектуалды ойын ұйымдастырды. ойын барысында оқушылар математикалық тапсырмалар мен логикалық тапсырмалардың ерекшеліктерін бағдарлап, мәдени түрде жауап беру ой ұшқырлығы мен шешендік сөйлеуді қоса игерді.

Оқушылар парламент мүшелері, пікірсайыстарға араластыруға, өз бетімен ізденуге, білім алу және жалпы шығармашылық белсенділігін арттыруға көзделіп, 2023 жыл 13 қаңтар күні «Жұлдызды сағат» тақырыбында зияткерлік ойыны өткізілді. Сайысқа 7а және 7б сынып оқушыларынан құралған топтар қатысты. 7а -сынып оқушылары «Болашақ» тобы, 7б –сынып оқушылары «Қыран»тобы болды.

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде оқушылардың білімге деген құлшыныстарын , ой – өрісін дамыту мақсатында 2023 жылы 25 қаңтар күні «Ақылдылар мен көңілділер» тақырыбында зияткерлік ойыны өткізілді.

Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру» бағдарламасын іске асыру мақсатында мектепте «Адал ұрпақ» клубы құрылған. Клуб мүшелерінің орындайтын жұмыстарына іс-шарасы жасалып, нақты жұмыстар жүргізіледі. Атап айтсақ, «Адал ұрпақ» ерікті ұйымы мүшелерінің қатысуымен «Жемқорлыққа жол жоқ!» дөңгелек үстелі өтті. Оқушылар «Сыбайлас жемқорлықты жою мүмкін бе?» тақырыбында шағын дебат ұйымдастырып, пікір таластырды. Мектеп оқушылары арасында орын алатын ұрлық үстіндегі сыбайластықты, сабақтан қашу кезіндегі сыныптастар арасындағы сыбайластықты бейнетаспаға түсіріп, шағын бейнеролик жасап, жасаған еңбектерін таныстырды. 5 сынып оқушылары адам бойындағы адалдық,

адамгершілік жайында өлең жолдарын оқып, «Жемқорлыққа жол жоқ!» деген өз ұстанымдарын айтты. 8 сынып оқушылары қоғамдағы жемқорлықты бимен өрнектеп жеткізе білді. «Адал ұрпақ» бағдарламасы аясында «Адалдық дүкені» жұмысы оқушыларды адалдыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында жүйелі жұмыс жасап келеді. «Адал ұрпақ» жұмыстарының қорытындысы баспа материалына жарияланды.

«Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымының жұмыстары Оқушылар үйімен тығыз байланыста. Оқушылардың рухани мәдениетін қалыптастыру, өскелең ұрпаққа рухани байлығымызды дәріптеу мақсатында «Ән халықтың ажары» атты қалалық дәстүрлі ән сайысы ұйымдастырылып, мектебімізден қатысқан 9«А» сынып оқушысы Еркінова Диляра жүлделі «Алғыс хат» пен марапатталды.



«Анамызға мың алғыс» атты мерекелік іс-шара ұйымдастылды. Мақсаты, нәзік жанды аруларымыздың қоғамдағы рөлі, оларға қуаныш сыйлау. Оқушылардың оларға деген ізгі ниеттерін көрсету. Ана жайлы тамаша әндер, өлең шумақтары оқылды. Бітіруші түлектер де ұстазға арнаған өлең сөздерін тарту етті.



Балаларды жергілікті жердің құстарымен таныстырып, оны күтіп-баптауға, аялауға, оларға мейірімділікпен карауға, құстар туралы білімдерін толықтыру, құстарға деген сүйіспеншілік сезімге, қамқорлық жасауға тәрбиелеу

мақсатында 1-4- сынып оқушылары «Құстар-біздің досымыз» тақырыбында сурет салды.

Тілдік сөздік қорларын молайту. Балаларды табиғат арқылы адамгершілікке тәрбиелеу және экологиялық білімдерін толық ұғымға жетілдіру мақсатында «Ұмытпайық ұлықтайық» тақырыбында челлендж ұйымдастырылды.

Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына енген оқушылар саны

Оқу жылы	«Жас Ұлан»	«Жас Қыран»
2021-2022	40	39
2022-2023	74	33

15.12.22 жылы Республикалық бірыңғай «Жас ұлан» және «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына ұлдар мен қыздарды қабылдау салтанатын өткіздім. 2-сыныптар арасынан «Жас қыран» ұйымына 33 оқушы, 5- сыныптар арасында «Жас Ұлан» ұйымына 31 оқушы, 7- сыныптар арасында 33 «Жас Ұлан» ұйымына оқушы қабылданды.

22-23.10.21ж «Күз аруы -2021» атты арулар байқауы өткізілді.

Мақсаты : Күз кереметін оқушыларға ұғындыру, қыздардың күзгі сән үлгісі мен күзгі дақылдардан дәмді тағамдар дайындауға және таныстыру. Әдемілікке, инабаттылыққа, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге баулу.

Қатысқандар: 5-7, 8-10 сынып оқушылары

Жас ұрпаққа қоршаған ортадағы түрлі құбылыстарды және күз кереметтілігін нақты айқындап ашуға, табиғатты сүйеге, сақтауға үйрету. Инабатты, иманды, іскер, мәдениетті, жеке тұлғаны қалыптастыру.

Ұқыптылыққа, шымыр да, шапшаң ой жүйріктілігіне, талғампаздыққа, таза әдемі болуға тәрбиелеу мақсатында байқауы өткізілді. Сайысқа барлық қыздар белсенді қатысып, нәтижесі төмендегідей болды.

7-9 сыныптар арасында жүлделі орын алған оқушылар:

«Күз аруы - 2022» байқауында ерекше өнері мен талантын көрсете білген оқушыларды бағалау. «Сәлем сөздің анасы» (өзін таныстыру, «Сән үлгісі» (қолдан жасалған киімдермен сән үлгісін көрсету) «Өнерлі өрге жүзер» (өз өнерін көрсету) 7-9 сыныптар арасында жүлделі орын алған оқушылар: Бас жүлде 9 «А» сынып оқушысы Валиханова Дурдана, I орын 7 сынып оқушысы Абдуғаниева Шадияна, 9 «Б» -сынып оқушысы Исакова Шахзода II орын, 8 «Б» -сынып оқушысы Абдусаттарова Анажан III орын. Қатысқан барлық оқушылар мақтау қағазымен марапатталды.



2023 жылы 14 ақпан күні «Ерлікке тағзым» тақырыбында ауған соғыс ардагерлерімен кездесу өткізілді. Кездесуде 1. Баймұратов Қалдыбай Шерезданұлы, 2. Илянов Тайир Мусаханұлы 3. Пайзенов Хасен Азимовичтер қонақта болды.



Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары

Мектепте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жасалынған жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі №267 Заңы бойынша жалпы ережелермен мұғалімдер мен кіші қызметкерлер таныстырылып, қол қойдырылды. Жеке тұлғалардың арыздары мен хаттарына арналып қойылған Сенім жәшігі айына бір рет ашылып, акт жасалады, ашқан кезде ешқандай арыз, шағым болған жоқ. Оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында әңгімелер, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет: білім және тәрбие тақырыбында

слайдтар мен бейнероликтер көрсетілді. Мектеп ұстаздарына арнайы жиналыс өткізіліп, сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Бәріміз сыбайластыққа қарсымыз!» атты сурет байқауы, «Сыбайластық, жемқорлық неге әкеліп соқтырады?» шығарма жазып, «Сыбайлас жемқорлықтан құтылу жолдары», «Сыбайластық – әлеуметтік зұлымдық», «Парақорлық – балардың арманын ұрлау», «Сыбайлас жемқорлық қоғамдық індет» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында бірыңғай сабақ өткізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заң талабы аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда.

Халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлыққа күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес, онымен күресу күрделі мәселе айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаны және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермей, қарсы тұруымыз керек екендігі сабақ барысында оқушыларға Түркістан облысы Сауран АПБ-нің ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция лейтенанты Әмірбек Елнурбек Ергешұлы толығымен түсіндірді.



Интербелсенді тақта арқылы оқушыларға бейнеролик көрсетілді.

Оқушылар сабақтан алған ойларын түйіндеп, өздерінің пікірлерін білдірді

«Парақорлық- заман дерті» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Құқық пәнінің мұғалімі С.Абдукаримов «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-баршамызға ортақ іс» тақырыбында баяндама жасап, толыққанды түсіндіру

Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен жастар арасында адалдық, әділдік туралы түсінік беру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында берілген нұсқаулықпен таныстыра отырып, заң жүзінде жауапкершілікке жазаға тартылатынын түсіндіріп өтті.

2022-2023 оқу жылы

Мектепте зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында:

Зорлықтың себебі не болып табылады?.

«Кінәлі кім?», «Зорлық – түбі қолық!» т.б. тақырыптарда тәрбие сағаттары өткізіліп, зорлық көрсету неге көрініс береді, жеткіншектік кезеңдегі зорлық, жеткіншекке зорлық көрсетілсе немесе оның өзі зорлық жасаса, не болатыны жайлы толығымен оқушыларға түсіндірілді.

Барлық сыныптарда ата-аналарға «Отбасы жағдайындағы зорлық-зомбылықтың алдын-алу» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, баланың денсаулығы, дамуы, әлеуметтенуі үшін зорлық-зомбылық ауыр зардап тигізетіні айтылды.

Мектептегі педагог-психологтар барлық оқушыларға темперамент типін анықтау әдістемесін жүргізіп, оқушылармен тығыз байланыста, сенім жәшігі орнатылған, әр аптаның жұма күні ашылып, акт жазылады.

Қыркүйек айында диагностикалық бағыты бойынша оқушылардың психологиялық – әлеуметтік жеке картасын дайындаудан басталды. Сұраныс бойынша жекелеген оқушылардың әлеуметтік жағдайлары зерттеліп, АКТ жасақталды. Мектеп қабырғасына қабылданған 1 сынып оқушыларын мектепке бейімделу жағдайын анықтау үшін зерделеу жұмыстары жүргізілді. «Графикалық диктант» әдістемесі, «Моншак» әдістемесі, «Ер адамның суретін сал» «Қызыл-қара кесте» жаттығулары алынды. «Жасөспірім және заң» құқық бұзушылықтың, әлімжеттіліктің алдын алу мақсатында мектеп инспекторларымен кездесу ұйымдастырылды. «Бестерек» жобасы аясында 1 – 11 сынып оқушылары толық зерттеуден өтіп жалпы 24 оқушы тәуекел тобына алынды. Оның ішінде жеке дара қызық деңгейде 3 оқушы, сары деңгейде 2 оқушы, жасыл деңгейде 19 оқушы анықталып, ары қарай «Бестерек» жобасының екінші кезеңінде сол оқушылармен жеке дара жұмыстар жүргізілді.

Сынып жетекшілер және ата –аналар арасында «Буллинг» дегеніміз не түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, оқушылардың ішкі эмоцияларын бақылау мақсатында тренингтер ойнатылды.



Сынып жетекшілер шығармашылық шеберліктерін арттыру мақсатында өз бетінше ізденіс жұмыстармен айналысып, тәрбие сағаттарында жаңа әдіс-тәсілдерді пайдаланып өтеді, шығармашылық ізденістерді артыруға ықпал жасалып, әдістемелік кеңестер өткізіліп, ал ата-

аналармен тығыз байланыс жасалып, жиналыстар өткізіледі. Тоқсан сайын ата-аналар сынып жиналыстарына қатысады.



Жоспарға сәйкес тәрбие сағаттарын слайд, бейнеролик, даналардың сөздерін естірту және көрсету, оның мағыналарына тоқтау, түсіндіру, сұрақ-жауап тәсілдері арқылы оқушыға жан-жақты жеткізу мақсатында қолданылады.

Оқушылармен арнайы кесте бойынша тәрбие сағаттары, ашық тәрбие сабақтары өтіледі. Арнайы ата-аналар кесте бойынша балаларының сабақтарына қатысып, білімдерін тексеріп отырады.

Өз білімдерін үнемі жетілдіру мақсатында арнайы «Өрлеу» білім жетілдіру курстарына жіберіліп отырады.

Сынып жетекшілердің тәрбие сағатын өту және «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында оқушылардың кітап оқу кестесі

2022-2023 оқу жылы

№	Сыныбы	Тәрбие сағатын өту кестесі	Сынып жетекшісі
1	1а	Дүйсенбі 4 сабақ	Пайзуллаева Динара
2	1б	Дүйсенбі 4 сабақ	Жаппаров Махмуджан
3	2 а	Дүйсенбі 5 сабақ	Қурбанбаева Муқаддас
4	2б	Дүйсенбі 5 сабақ	Егембердиева машхура
5	3 а	Дүйсенбі 6 сабақ	Мамитова Умида
6	3 б	Дүйсенбі 6 сабақ	Мирзаханова Дилраба
7	4 а	Дүйсенбі 5 сабақ	Қурбанбаев Элдар
8	4 б	Дүйсенбі 5 сабақ	Қурманбаева Саодат
9	5 а	Дүйсенбі 7 сабақ	Джурашов Сардар
10	5б	Дүйсенбі 7 сабақ	Егембердиев Ғуламжан

11	6а	Дүйсенбі	6 сабақ	Абдумуратова Умида
12	6 б	Дүйсенбі	7 сабақ	Мамитова Райхан
13	7а	Дүйсенбі	7 сабақ	Дадабаева Сахиба
14	7 б	Дүйсенбі	7 сабақ	Асетова Наргиза
15	8а	Бейсенбі	7 сабақ	Нарметова Умида
16	8б	Сейсенбі	7 сабақ	Ибадуллаева Шахло
17	9 а	Жұма	7 сабақ	Асетова Гулнара
18	9 б	Дүйсенбі	7 сабақ	Хайруллаев Бахадир
19	10а	Дүйсенбі	8 сабақ	Басанов Аьззамжан
20	10 б	Сарсенбі	7 сабақ	Мамитов Элмурат
21	11а	Бейсенбі	7 сабақ	Бабажанов Бахтжан
22	11б	Дүйсенбі	7 сабақ	Мирзаханов Журьат

Сынып жетекшілердің тәрбие сағаттарының өту кестесі

2021-2022 оқу жылы

№	Сыныбы	Тәрбие сағатын өту кестесі	Сынып жетекшісі
1	1а	Жұма, 4-сабақ	Қурбанбаева Муқаддас
2	1б	Бейсенбі, 4-сабақ	Егембердиева Машхура
3	2а	Жұма, 5-сабақ	Мамитова Умида
4	2б	Жұма, 5-сабақ	Мирзаханова Дилраба
5	3а	Жұма, 6-сабақ	Қурбанбаев Элдар
6	3б	Жұма, 6-сабақ	Зупаров Абдусалам
7	4а	Жұма, 6-сабақ	Пайзуллаева Динара
8	4б	Жұма, 6-сабақ	Жаппаров Махмуджан
9	5 а	Жұма, 6-сабақ	Абдумуратова Умида
10	5б	Жұма, 7-сабақ	Мамитова Райхан
11	6а	Сенбі, 6-сабақ	Дадабаева Сахиба
12	6б	Жұма, 6-сабақ	Асетова Наргиза
13	7а	Жұма, 7-сабақ	Нарметова Умида
14	7б	Жұма, 7-сабақ	Егембердиева Илмира

15	8a	Бейсенбі	8-сабақ	Асетова Гулнара
16	8б	Жұма,	7-сабақ	Хайруллаев Бахадир
17	9a	Бейсенбі,	7-сабақ	Басанов Аъззамжан
18	9б	Сәрсенбі,	8-сабақ	Нурметова Мавжуда
19	10a	Бейсенбі	8-сабақ	Бабажанов Бахтжан
20	10б	Жұма,	7-сабақ	Абдужаппарова Амина
21	11a	Жұма	7 сабақ	Егембердиев Ғуламжан
22	11б	Жұма	7 сабақ	Мирзаханов Журьат

Ата-аналармен жұмыс

Мектепшілік ата-аналар жоспары жүйелі түрде жасалған. Қыркүйек айының алғашқы аптасында жоспарға сәйкес ата-аналар жиналысы өтілді. Онда күн тәртібінде атааналар комитетінің құрамын толықтыру, қайта сайлау.



Жаңа оқу жылындағы алға қойған мақсаттар, кезекті мәселелер талқыланды. Мектеп – шәкірттеріне тиянақты да сапалы білім беріп, қияға қанат қақтыратын оқу-тәрбие ошағы. Тәрбиенің ең тамаша мектебі - отбасы екені айқын.

Әкелер кеңесінің жоспары бойынша «Әке көрген оқ жонар» тақырыбында әкелермен дебат өткізілді. Қай елде, қай кезде болмасын, бала тәрбиесін ерекше дамытушы да, ілгері апарушы да ата-ана. Бүгінгі ұрпақ-ертеңгі елдің болашағы. «Адамға ең бірінші тәрбие керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі»-деген Ұлы ғұлама әл-Фараби. Осыған байланысты мектебімізде баланы өмірге бейімдеуде мектеп, және ата-ананың орны бөлек. Ата-анамен жүргізілетін жұмыстар белгілі іс-шара жоспары бойынша жүргізіледі. Ата-аналар комитетінің төрайымы Отарбаева Толғанай Балтабайқызы мектеп тыныс-тіршілігімен тығыз байланыста. «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі» құрылып, бала тәрбиесіндегі отбасының ролін арттыру жұмыстарын жүргізуде. Сонымен қоса кездесу барысында түрлі тақырыпқа байланысты оқушылар мағыналы көріністер көрсетті. Аналармен қыздары бірігіп сайыстар ұйымдастырылды.



Халықтық тәрбие – қымбат қазына

Мектептегі тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы. Ұрпақ тәрбиесінде әжелеріміздің беретін тәлімі мен тәрбиесі – ұлт болашағы үшін маңызы зор. Келер ұрпағын шынайы адалдыққа баулып, тәрбиелеуді мақсат ете отырып мектебімізде әжелер мектебі құрылған, Міне, осы мақсатта «Әжелер сөзі-тәрбие көзі» тақырыбында мектебімізде бірнеше жыл қызмет еткен, ардагер аналар М.Исроилова, М.Мирзахановалар, мектеп тазалығын үнемі таза ұстап келген зейнеткер Абдумуратова Зухра апамыз, көпбалалы ана әжелер төрайымы Қалдыбаева Ұлбала аналарымызбен сыр-сұхбат кездесу ұйымдастырылды. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады, - деп М.Әуезов айтқандай, ұстаз болу – өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау екені баршаға аян. Тіршіліктің тынысын, уақыттың жүрісін сезіндіретін, білім әлемінің сырын білетін, өзінің алдынан өткен шәкірттерінің жырын жүрекке түйген тағылым иесі ұстаздық жолымен көпке үлгі бола білген әжеміз, халықтық тәрбие жайлы да тәлім- тәрбиеге толы әңгімелерінен шертті.